

"Ертіс өзені бойынша кеме қатынасын дамыту" өңірлік кеңесіне ақпарат

Васильев О.А.

Семей қ. "Көлік колледжі" КМҚК директорының
оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары
skt_1929@mail.ru

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының "Көлік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны су көлігі колледжі мен автомеханикалық колледжді (ҚР Үкіметінің 8.05.97 ж. № 814 қаулысы) біріктіру жолымен 1929 жылы Семей жол-механикалық техникумы ретінде Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің Қаулысына сәйкес құрылған соңғысының базасында орналасқан.

Меншік формасы – мемлекеттік.

1.1. Мамандықтар тізімі:

- 1402000 "Жол-құрылыс машиналарын техникалық пайдалану "(1402203 - техник-механик)
- 1202000 "Тасымалдауды ұйымдастыру және көлікте қозғалысты басқару" (1202063 – техник)
- 1201000 "Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», (1201123 - техник-механик, 1201113электрмеханик; 1201133 - мехатроник)
- 1103000 "Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету " (1103163 - кеме жүйелерінің механигі)
 - 1204000 "Су көлігін пайдалану" (1204103 – техник-кеме жүргізуші, 1204113 – техник)

Студенттердің жалпы контингенті 01 қыркүйекке 779 білім алушыны, су мамандықтары бойынша 220 білім алушыны құрайды.

Колледж өңірдегі көлік саласының мамандарын даярлау жөніндегі негізгі оқу орны және Қазақстан Республикасында су көлігі мамандарын даярлауды жүзеге асыратын жалғыз мемлекеттік оқу орны болып табылады.

Колледжде 35 кабинет және 14 зертхана бар, жалпы аумақта орналасқан үш оқу корпусы, оқу шеберханалары, оқу автомобильдеріне арналған гараждар бар.

2 компьютерлік сынып бар; сонымен қатар қазақ тілі, ЖҚЕ, АБЖ кабинеттері компьютерлік техникамен жабдықталған; колледждің медиатекасында 10 компьютер орнатылған. Су мамандықтары студенттерінің дағдыларын жаттықтыру үшін кеме жүргізушілердің тренажері пайдаланылады, ол студенттерді оқыту үшін де, кеме жүргізушілердің практикалық дағдыларын пысықтау үшін де қажет.

Көлік колледжінде кабинеттер мен зертханаларды заманауи жабдықтармен және мультимедиялық техникамен жарақтандыруды жетілдіру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Бүгінгі таңда кабинеттер мен зертханалардың 95% - дан астамы мультимедиялық техникамен жабдықталған, барлығы 42 стационарлық мультимедиялық проектор, 6 электрондық тақта орнатылған. Бұл оқу процесінде жаңа, қызықты, заманауи оқыту технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді. Басқа калалардан келген студенттер колледж жатақханасында тұрады.

Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлерінің кадрлық құрамы 19% - ға жаңартылды. Зейнеткерлік жасқа жеткен педагог қызметкерлерді ауыстыру үшін қажеттілік болып табылатын жас кадрлардың келу үрдісі байқалады.

Осыған қарамастан, колледж кемелердің электр жабдықтары, кеме жүргізуші және кеме механикасы пәндері бойынша арнайы пәндер оқытушыларына аса қажеттілікті сезінуде. Осыған байланысты оқу сабақтарын өткізу үшін су көлігі кәсіпорындарының мамандары тартылады.

1958 жылы құрастырылған "Жас Талап" оқу кемесі бар, ол экипаждың күш-жігері мен кәсіби шеберлігінің, сондай-ақ біздің әлеуметтік серіктестеріміздің қолдауының арқасында әлі күнге дейін оқу қызметінде қолданылады. Теплоходта жыл сайын болашақ кеме жүргізушілердің толыққанды оқу жүзу практикасы ұйымдастырылады, Павлодар қаласына дейін оқу рейстері орындалады. Осыған қарамастан, колледжде оқу кемесін жаңа рациямен, эхолотпен, қайықпен, "Техник" біліктілігі үшін гидрометриялық практика жүргізу үшін гидрологиялық кешенмен жабдықтау бойынша мәселелер бар.

ҚР ИДМ КК "Қазақстан су жолдары" РМҚК Семей филиалымен және "Семей кеме жөндеу - кеме құрылысы зауыты" ЖШС кәсіпорын базасында колледж кабинеттерін ашу туралы шарт жасалды.

Қазіргі уақытта оқу және танысу практикалары, сондай-ақ "Кеме жөндеуді ұйымдастыру және технологиясы" пәні бойынша сабақтар Семей филиалының базасында ашылған колледж кабинетінде өткізіледі.

Биыл "Су көлігін пайдалану" мамандығының «Техник» біліктілігі бойынша ҚР ИДМ КК "Қазақстан су жолдары" РМҚК дуалды оқыту туралы шарт жасалды.

Заманға сай болу және салалық кәсіпорындардың заманауи жабдықтарынан кем түспеу үшін колледжге "Кеме жасау және кеме машиналары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсету" және "Су көлігін пайдалану" сияқты мамандықтарды қайта жарақтандыру талап етіледі.

Су мамандықтары бойынша барлық білім алушылар ҚР ИДМ КК "Қазақстан су жолдары" РМҚК Павлодар, Семей, Өскемен қалалары филиалдарында; "Семей кеме жөндеу-кеме жасау зауыты" ЖШС, "Есіл-Астана" МКҚК, "А-Посейдон" ЖШС-да "Иртыштранс" ЖШС, "Транзит" ЖШС, Омбы қаласы "Оңтүстік кеме қатынасы компаниясы" ЖШҚ практикадан өту үшін орындармен қамтамасыз етілген.

Колледж білім алушыларының практикадан өтуі тұрғысынан әлеуметтік серіктестермен байланыстарды кеңейту, тәлімгерлікті қалпына келтіру, оқытушылардың тағылымдамадан өтуі, сондай-ақ негізгі әлеуметтік серіктестер аумағында кабинеттер мен зертханалар ашу колледждің басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Колледж әкімшілігі колледж рейтингін көтеру үшін түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша және оқуға мемлекеттік тапсырыс алу мақсатында жұмыс үнемі жүргізеді. Семей қаласының жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп колледж түлектерін жастар практикасынан өтуге жібереді.

Су мамандықтары бөлімінде келесі навигацияның алдында болашақ су көлігі мамандарын практикалық оқыту мәселелері бойынша өткен навигацияны қорытындылау дәстүрге айналды, оған су көлігі кәсіпорындарының өкілдері шақырылады. Мұндай іс-шараларды ұйымдастыру түлектер үшін де, жұмыс берушілер үшін де өзара тиімді пайда әкеледі.

Қорытындылай келе, көлік колледжі – бұл өзен саласының мамандарын даярлайтын жалғыз мемлекеттік колледж екенін атап өткім келеді, ол уақытпен қатар жүруі және инновациялық және техникалық шешімдерді енгізудің үлгісі болуы тиіс және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің назарынан тыс қалмауы тиіс.